

(құтына) інім Күлтегін ер атанды» (КТү, 31) [6, 177 б.]

Қазақ тіліндегі *Құтты қонақ келсе қой егіз табады* тәрізді мақалдардан, *құтты жеріне қондырды, құт қонды, құт дарыды, құты кетті, құты қашты, құтты мекен, құтты болды, құты шайқалды* т.б. тұрақты тіркестерден қазақтар дүниетанымында Құт киесінің терең орныққанын көреміз. «Құтты болсын айту» салты да қазақ дүниетанымы көнетүркілердің мифологиялық дүниетанымының белгілерін молынан сақтап, оны әрі қарай жетілдіріп рухани-мәдени құндылыққа айналдырғанының көрнісі.

Көне түркілердің Тәңірлік дүниетанымы аясына кіретін *Ұмай, Құт* ұғымдары халықтың сан ғасырлық тәжірибесі мен таным-түсінігі арқылы қалыптасып, қазіргі түркілерге дейін жеткен лингвомифологиялық бірліктер. Түркі халықтары дүниетанымының архисаналық кезеңінен бастау алатын *Ұмай, Құт* киелері жалпытүркілік сана арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, белгілі бір дәрежеде халықты адамгершілікке, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу құралына айналған архаикалық құндылықтар жүйесіне жатады. Тілдік деректер көне түркілердің *Ұмай* мен

Құтты ешқашан да Тәңірмен теңестірмегенін көрсетеді.

ҮІІ-ІХ ғасырларда жазылған ескерткіштер тілі көне түркілердің діни-мифологиялық дүниетанымын көрсететін Тәңірлік идеясы негізгі төрт бағытты қамтығанын аңғартады. Бірінші – Жалғыз жаратқан Ие – Тәңірге тағзым ету; екінші – мәңгі өзгермейтін әлем, Тәңір мекені – Көкті киелі санау; үшінші – тіршіліктің өсіп-өркендеуін қамтамасыз етіп отырған, адам мекені – Жер-суды киелі санау; төртінші ата-баба рухын қаділеу, аруаққа сыйыну.

1. Орынбеков М. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. - Алматы: Ғылым, 1996. -168 б.
2. Кондыбай С. Казахская мифология. -Алматы: Нұрлы әлем, 2005.-272 с.
3. Длужневская Г.В. Еще раз о «Кудыргинском валуне» (к вопросу об иконографии Умай у древних тюрков) // Тюркологический сборник, 1974. -Москва, 1978. -С. 231.
4. Потапов Л. П. Умай – божество древних тюрков // Тюркологический сборник, 1972. -Москва: Наука, 1973. - С. 285.
5. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Тюркологический сборник. - Москва: Наука, 1981. С. 131-132.
6. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. -Алматы: Ана тілі, 1995. -232 б.
7. Айдаров Ф. Тоникук ескерткішінің (ҮІІІ ғасыр) тілі. - Алматы: Қазақстан, 2000. -120 б.
8. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. -Алматы: Арыс, 2007. -360 б.

Байымбетова Р. Значение языкового аспекта в древнетюркской мифологии Умай и Кут
Bayymbetova R. The meaning of language aspect in Ancient Turkic Mythology Umai and Kut

А. С. Бұлдыбай,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к.

ЖЫРАУЛЫҚ, ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕР

Танды таңға қосып, талайдың таңдайын қақтырған жыраулық, жыршылық, сөйлесе тілінен бал тамған, дүйім жұртты аузына қаратқан шешендік, алқа топтың алдында жыр семсерін жарқылдатып жан алып, жан берісіп сөз сайысына түскен айтыскерлік қазақ халқының баға жетпес байлығы, көп халықта кездесе бермейтін айрықша өнер екені даусыз. Сондықтан да бұл өнер түрлері туралы салықалы ғалымдарымыздан бастап, жас ізденушілерге дейін пікір айтпағаны кемде-кем. Бүгінгі таңда халқымыздың басқа мәдени мұраларымен қатар өсіп-өніп, дамып келе жатқан бұл

өнер салаларына қызыға қараушылық көбеймесе азайған жоқ.

Ұзақ жылдар бойы Республикамыздың түкпір-түкпірін аралап халқымыздың жыраулық, жыршылық өнерін жандандыруға ат салысқандықтан, Республикалық теледидардың «Халық қазынасы» атты бағдарламасынан талай термеші, жыршы, жырауларды көрсетуге мұрындық болғандықтан, қазақ халқының шешендігі туралы арнайы зерттеу жүргізгендіктен және айтыс деген аламан бәйгенің қайта жандануының орта тұсында жүргендіктен осы қасиетті үш өнер туралы қалам

терберлік уақыт туған тәрізді. Қолдарыңызға тиіп отырған мақала осы ойлардың жемісі. Қазақ халқының жыршылық-өнері туралы алғаш келелі пікір айтып, қазақ, қырғыз жыршылық өнерін зерттеуді қолға алған М.Әуезов еді.[1]

Қазақ халқының эпикалық жырларын тудырушы, қалыптастырушы, қалың елге таратушы өнер иелерін халқымыз жырау, жыршы деп атаған. Бұл туралы кезінде Ә.Марғұлан өз еңбегінде жан-жақты айтып өткен де еді.[2] Бірақ солай бола тұрса да бұл жыр айтушы, шығарушылар типтерінің өзіндік тарихи бар екені даусыз. Оның белгісін Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов, Ш.Ыбраев, Б.Әбілқасымов, Е.Тұрсынов және т.б. ғалымдарымыз айтып кеткен ұзан, бақсы, қиссашы, термеші, шешен, жырау, жыршы секілді атаулардан көреміз.

Қазақтың эпикалық жыр айтушылардың өнеріне үңіле қарап, жете саралағанда көңіл аударатын ортақ және өзіндік сырлар, дәстүрлер аз емес. Соның бірі жыр айтушылықтың өнер адамына қонуы туралы аңыз, әңгіме, түсініктер. Жалпы бұл ұғым әлем фольклористикасында біршама кең тараған. Оның мысалын англо-саксон аңыздарынан да көруге болады. Онда дарынды Кэдион (бақташы) далада ұйықтап қалып түс көретіні, түсінде бейтаныс адам келіп жыр айтуды ұсынатыны, соның нәтижесінде оның жыр айтып кеткендігі айтылады. Ойраттардың тулчисі Этэн Гончикке жыр қону туралы: «Великан подъехал к отороплому Этэн Гончик, и спросил его, хочет ли он стать певцом эпоей... Великан тогда ударил Гончика по плечу и скрылся... этого времени Гончик почувствовать в себе способности петь героические эпоеи, стал и признавал, что дар получил от самого царя драконов являвшего к нему под видом великана», – деген пікір де қызғылықты. Түсінде аян беру, соның нәтижесінде жыр айту қонған деген аңыз әңгіме Орта Азия халықтарының ішінде де кең тараған. Мысалы манасшы Тыныбек далада ұйықтап қалғанда түсінде өзіне Манас қырық чорасымен келіп «Манасты» айтуға кеңес бергенін айтса, өзбек бахшиларының көпшілігі жыр айтуды: «алла-тағаланың» айтуымен меңгергенін айтады. Сондай-ақ түрікменнің Наджеп оғлан бақшысы түсінде «қырық жігіт» келіп жырды аузына шарап етіп құйғанын аңыз етеді.[3] Бұндай аңыз әңгімелердің біразы қазақ жыр

айтушыларына байланысты да айтылады. Бұл ретте «Қырымның қырық батыры» циклының алғашқы айтушыларының бірі болған Мұрын жыраудың ұстазы Абылдың айтқанына көңіл аударып көрейік: «Отызға келген кезім, ерте қой өргізіп келіп, ұйықтап қалсам біреу бір сұйық нәрсені аузыма құйып жіберді, жұтып жібердім. Ояна келсем кеудемді өлең кернеп барады екен. Осыдан былай қарай ақын болып кеттім.» Осындай аңыздың бірі Базар жырауға байланысты мынандай нұсқада айтылады: «Бала кезімде далада қозы бағып жүріп ұйықтап қалыппын. Түсімде ақ киімді, ақ таяқты, ақ сақалды бір кісі келіп: «Балам мандайыңа берейін бе, таңдайыңа берейін бе?» – деп сұрады. «Ата таңдайыма бер», - деп оянып кетсем, өлең айтып ояныппын». Мазмұны осы текте тек «түсінде» өлең аласың ба, көнек аласың ба? – деген аңыз Қожабай жырауға, «дорбалап аласың ба, қапшықтап аласың ба?» – деген аңыз Қашаған жырауға байланысты айтылады. Мұндағы көңіл аударатын бір мәселе түркі халықтарында бұл әңгіме, аңыздарда жыр қонды деген жәй ғана айтылмай, оны халық сеніміндегі қасиетті нәрселерге (Манастың чоролары, қырық санына, ақ түске) байланыстырып айтып және әңгіменің тоқ етер түйінінің өзі жыр ұйқасынан (маңдайына-таңдайына, көген-өлең, арбалап-дорбалап) тұруы. Сондай-ақ бұл ұйқаспен айтылатын сөздердің бір сынары міндетті түрде байлықты, екіншісі өнерді меңзейді. Бар дарын тек өленді таңдауы да кездейсоқ айтылғандық емес, астарлы сыры бар ұғым. Қазақ халқының сөз өнерін ғана емес, тіпті, өміріне байланысты айтылатын ежелгі тотемдік мәні бар аңыздың бірі адамдардың киесі жолбарыс, қасқыр, түлкі, құс болуы. Оның бір мысалын Жамбылдың «жолбарысынан» Кемпірбайдың «көк кептерінен» де көруге болады. Осындай әңгіменің бірін Шашубай Қошқарбаев та айтқан: «Он төрт жасымда түсімде таудан тауға құс болып ұшып, қонып жеміс жеп жүр екенмін. Сол түстен кейін өлең айтып кеттім.»[4, 256]

Дарынды, өнерге икемі бар адамдардың түс көруін жоққа шығаруға болмайды. Оның сырын түсіну үшін біріншіден аталған адамдардың өміріне, творчестволық кемелденуіне тереңірек зер салған дұрыс. Өз өмірін өнерге арнаған, кейін жырдың қонуы туралы аңыз-әңгіме айтқан өнерпаздардың барлығы дерлік жасынан сөз күдіретіне ден қойып, соны иге-

руге психологиялық жағынан тұтас берілген. Белгілі өнер адамдарының сөзін тыңдап, үлгі алған. Бар тілегі, арманы сөз өнері болған анық таланттың түсіне енді өлең, жыр кірмегенде не кіруі керек? Тек оны баяндауда халық арасындағы «сөз қонды» деген ұғымды пайдаланып, осы арқылы өз дәрежесін көтеруді де көздегені рас. Бірақ мұның да әр халықта өзіндік астары болған. Мысалы манасшылар «жыр қонды» дей отырып, өзінің алдындағы жырды үйретуші ұстаздарын айтуға онша құлықты болмаса, қарақалпақ, қазақ жыр айтушылары өз ұстаздарының есімін құрметпен атап, ұстазының үлгі алған жырауларының алдындағы бес-алты өкілін де айтып отырған.

Осы мәселенің бір қыры ақындық, жыр айту өнерінің ұрпаққа беріліп, генеологиялық тұрғыда тарауы да көңіл аударуға тұрарлық. Болашақта арнайы зерттеуді керек ететін бұл мәселеге тоқталып жатпай-ақ бірер мысал келтірсек Дүзбенбет жыраудан оның баласы Жиенбайға, одан оның баласы Рүстембекке, одан оның баласы Көшеней, Бидасқа, Көшенейден Арбалыға, Бидастан Барболға жыр айтудың жалғасқанын тілге тиек етуге болады. Сондай-ақ Қазақстанның халық ақыны Көкен Шәкеевтің әкесі Шәкей сол Ақан-серінің атақты серілерінің бірі болса, баласы Ербол, Еркеш өнер саласына бет бұрғанын айта кеткен жөн.

Жырау,жыршы және музыкалық аспап.

Жырау, жыршылардың жыр айту дәстүрінің негізгі сипаттарының бірі – жыр айтуда музыкалық аспаптарды кеңінен пайдалануы. Жалпы қазақ эпостарында аты аталатын музыкалық аспаптың алғашқыларының бірі - сыбызғы. Негізінен лиро-эпикалық эпостарға тән күй сазын ойнайтын бұл аспап, қарачайларда «сыбызһе», балкарларда «сыбызхе» деген атаумен жыр айтушыны сүйемелдейтін музыкалық құрал ретінде аталады. Эпикалық жырды орындауда тікелей айтушының пайдаланған бірінші музыкалық аспабы ретінде қазақ халқында қобыз аталады. Ә.Қоңыратбаев қобызды (купу) Орхон-Енисей жырларын айтушылардың пайдаланған құралы деп қарағанмен бұл аспаптың сөз өнерімен қатысы алғаш бақсыларға байланысты айтылады. Ұзақ уақыт жыр сүйемелдеу құралы болған бұл аспап, кейін Марабай, Нысанбай, Жанақ секілді ақын-жыршылардан соң тікелей бақсылардың культтік, не музыканттардың күй ойнау құ-

ралы ретінде қалған. Қобыз аспабы - өзбектерде (кобуз), қарачай-балкарларда (кыл кобуз), ойраттарда (хур), татар, кабордин, осетиндерде (капыр кобуз) ежелден жыр айтушылар пайдаланған аспап.[5,123]

Өзінің сарынын қобыздан алды делінетін домбыра аспабы-қазақ жыр айтушыларының кеңінен пайдаланған музыка аспабы. Ән салу, күй шерту, жыр айту домбырасыз болмаған десе де болады. Домбыраның кезінде үш ішекті түрі де болған. Өнер адамдарына алып жүруге ыңғайлы, не керемет музыкалық сазды салуға болатын бұл аспапты шебер игеру де жыр айтқыштықтың бір компоненті деп есептелген. Музыкалық сүйемелдеу дәстүріне тікелей байланысты құбылыстың бірі – жыр айтушылардың жыр айтар алдында ұзақ эпикалық сарындағы күй шертіп толғануы. Бұның сырын О.Нұрмағамбетова: «Жырау не сразу приступает к исполнению эпоса. В начале он основательно подготавливает и себя и аудиторию... Так перед тем, как приступить к сказанию. Джамбул и Нурпеис играли кюй (музыкальные пьесы, сюжеты)» -, деп түсіндіреді.[4,236] Эпос айтушылардың музыкалық сазын көп зерттеген Б.Ерзакович Шәкір Әбенев «Қыз Жібек» жырын айтар алдында ұзақ «Қорамжай» атты күй тартатынын айтады. Жыр айтар алдында эпикалық күй сарынын ойналуының тамыры тереңде жатқанын халқымызда эпостармен аттас «Қамбар», «Көр-ұғлы» және т.б. көптеген күйлер бар екенінен көруге болады. Бұл болашақ музыка зерттеушілерін күтіп тұрған проблеманың бірі.

Жыр және желі. Эпос айтушылардың көпшілігінің (дарынды, суырып салма өнерлілері) жыр айту дәстүрінде қолданған әдістерінің бірі – желі айту. Ұлан-ғайыр эпикалық шығармалар, айтыс, толғау, термелерді көпшілік алдында үнемі айтып жүрген айтушылар тыңдаушы қауымының талап, тілегін де ескеріп отырған. Қара сөзді ұйқаспен сөйлейтін жыр айтушылар көпшіліктің қандай жыр тыңдағысы келетінін жыр арқылы сұрауды әдет ету нәтижесінде кейін өз құрылымына әр жырға байланысты қысқа сюжеттерді біріктірген желі туғызған. Сондай-ақ желінің пайда болуының екінші себебі – жырау, жыршылардың жыр бастар алдында шабыт шақыруы, яғни психологиялық дайындығы. Желінің айтылу себебін О.Нұрмағамбетова өз еңбегінде былайша түсіндіреді: «Ожерелье песни» исполняется для того, чтобы доказать, что

сказатели знают много разных дастанов, во-первых. Во-вторых, для того, чтобы слушатели сами выбрали то, что желают слушать, и выяснить, какое из эпических произведений будет встречено с наибольшим интересом» . Желі ретінде болмаса да шабыт шақырып, дене қыздырып, эпос айтар алдында үгіт, насихат терме айту өзбек, қарақалпақ халқында да сақталуы бұл дәстүрдің тамыры тереңде жатқанын көрсетеді. Желі айту дәстүрі қазақ топырағында күні кешеге дейін өмір сүріп келген. Бізге кезінде Марабай, Мергенбай және т.б. жыр айтушылардың желілері туралы деректер жеткенімен, олардың айтқандары жазылып алынбаған. Сондықтан да жыр айту-дан кезінде алдына жан салмаған Нүрпейістің желі айту дәстүрі туралы Ә.Тәжібаевтың: «Нүрпейіс біздің үйде әуелі «желісін» тартты Әрбір үлкен дастанның қысқаша, сығымдалған мазмұнын жырлап шықты», - деген, Жамбыл туралы: «Ол (Жамбыл – А.Б.) замандар жайын сөйлейтінін, «Қырымның қырық батырынан» хабардар екенін ескертті. Қырғыз жайы «Манаста» сөйленді. «Көрұғлының» қай саласын айт дейсіңдер? – деп тыңдаушылардына тағы көз тастады. Одан кейін Сұраншы мен Саурық туралы тура екі күн жырлайтынын айтты», - деген пікірі өте құнды деректер. Кейінгі кезде фольклорист ғалымдар Сыр бойының үлкен жырауы Р.Мәзқожаевтан және Қарақалпақстанда тұрған Ж.Аралбаевтан олардың шағын жыр желілерін жазып алған. Желінің табиғаты түсініктірек болу үшін солардан бірер мысал келтіре кетейік

Жиделі Байсын жерінде. Қоңырат деген елінде.

Байбөрі деген шал болған...

Тілеп алған Алпамыс.

Мың кісі күші өзінде.

Батырлардың ішінде.

Мұнан батыр өтпеген.

Қылыш шапса кеспеген,

Отқа салса күймеген.

Суға салса батпаған,

Дұшпанға найза саптаған,

Осыны айтсам бола ма?

Алмасқа жауды ілгізген,

Кім екенін білгізген.

Дарға басын ілгізген

Көрұғлыны айтсам бола ма?

Бұл Рахмет Мәзқожаевтың ұзақ желісінен, екі жырға байланысты қысқа нұсқасы. Жырау, жыршылардың бұл желілерінің өзінен-ақ олардың эпос мұраларын дамытуға, көркем образдар жасауға ұмтылғанын көруге болады. Алғаш импровизациялық түрғыда туған бұл желілер кейін тұрақтанып, толығып эпос айтушының әрдайым жыр айтар алдында орындайтын шығармасына айнаған, жыр айту дәстүрінің бір элементі болып қалыптасқан.

1. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. Алматы, Жазушы, 1978, 19 том, -561 бет.

2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы, Жазушы, 1975. - 641 бет.

3. Кыдырбаева Р.З. Сказители. Бишкек, 1980. – 498 стр.

4. Нурмагамбетова О.А. Казахский героический эпос «Кобланды батыр»7 Алматы, Наука, 19897 – 659 стр.

5. Қоңыратбаев Ә. 10 томдық шығармалар жинағы. Қызылорда, 2009. 4 том. – 365 бет

А. С. Булдыбай СКАЗИТЕЛЬСКОЕ ИСКУССТВО

В рассказах и легендах тюркоязычных народов не только повествуется о секретах овладения сказительским искусством, но подчеркивается, что это особый знак народного доверия. В казахской фольклористике есть легенды не только о тех или иных представителях сказительского искусства, которые обладали каким-либо особым творческим дарованием, также легенды о том, что у каждого человека есть свой тотем (например, тигр, вол, лиса) или какая-либо птица. Одна из основных черт сказительской традиции - это широкое использование музыкальных инструментов. В статье подробно описывается об этих секретах сказителей.

A. S. Buldybay NARRATOR ART.

In stories and legends of the Turkic people it is not only is narrated about the secrets of mastering narrator art, but it is emphasized that it is a special sign of national trust. In Kazakh folklore there are legends not only about the representatives of narrator art, who had special creative talent, but also there are legends that each person has the totem (for example, a tiger, ox, fox) or any bird. One of the main features of narrator tradition is wide use of musical instruments. In article it is described about these secrets of storytellers in detail.